

Үлгі алуға лайықты тұлға

Республикадағы жетекші университеттер қатарында ерекше орны бар Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің даңқын асыруда, білім мен ғылымның деңгейін арттыруда, студенттеріміздің жетістіктерінде оқу орны басшылығы және қызметкерлерімен қатар бірнеше жылдар бойы білім ордасында аянбай еңбек етіп, тер төккен ардагер-ұстаздарымыздың да атқарған еңбегі, оқу орнымыздың дамуына, көркеюіне қосқан қомақты үлесі зор.

Бүгінгі таңда ғылым, білім мен инновация қоғам өмірінде маңызды орынға ие бола отырып, отандық жоғары оқу орындарының алдына әлемдік стандарттар деңгейіне жету, әлемдік рейтингтерге кіру міндетін жүктеді. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті де аталған талап-тілектерді есепке ала отырып, республикалық



білім беру кеңістігінде өз ұстанымын нығайтуды жалғастырып келеді.

Бүгінгі кейіпкеріміз – әлемдік және отандық философия тарихының танымал зерттеушісі, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеуге арнаған, биік бітім-

болмысымен дараланған Тлекжан Рысқалиев. Ол – білім мен ғылым саласында университет деңгейінде ғана емес, республикада да шоқтығы биік философ-ғалым. Не жазса да мәселені ашуда тереңдік пен көпшілік оқырманға жетерліктей түсініктілікті ұштастыра білетін танымал философ, «қазақтың Сократы» атанған Тлекжан Хасенұлы – қазақ философиясының экзистенциалдық сипатын ашуға бағытталған өзіндік бағытты қалыптастырушы болып табылады. Орал қаласындағы философия мектебін құрушылар да - Тлекжан Хасенұлының шәкірттері.

Тағылымы мол ұстаз нәтижелі ғылыми-педагогикалық еңбектері үшін көптеген марапаттар мен төсбелгілерге ие болды. Еңбектегі ерен жетістіктері лайықты бағаланған ардагер ұстаз Тлекжан Хасенұлының есімі университетте ерекше мақтанышпен аталады. Әріптестерінің ортасында қадірлі тұлғаны студенттері мен магистранттары да ерекше құрмет тұтады.

Тлекжан Хасенұлының азаматтық бейнесі туралы да айтпай кетуге болмай-

ды. Үлкен-кіші әріптестерінің адамдық қасиетін жоғары бағалайтын ағамыз қашанда шынайы сөйлеп, турасын айтады. Кеңес беруден бас тартуды білмейтін ғалым-ұстаз талқылаулар мен пікір алысу жиналыстарына жиі қатысып, ғылым мен ғылыми мақалаларға қойылатын талаптардың тұрақты түрде жетілуін әрдайым қадағалап отырады. Жасы үлкен болса да, тәкаппарлық танытпай, жастармен де шүйіркелесе кететін кішіпейіл, қарапайым жан.

Бүгінгі таңда жиі-жиі облыстық, республикалық газеттерге мақала жазу, саяси-идеологиялық, тәрбие саласына қатысты конференцияларда, жиналыстарда сөз алу сияқты үздіксіз ізденістерімен қатар шәкірт тәрбиелеу ісіне де үлес қосып жүрген ағамызға қаламының қарымдылығын тілейміз.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін де ұстаздық студент жалықпаған ардагер ағамыз Тлекжан Хасенұлына білім мен болашаққа сіңірген ерен еңбегі үшін айтар алғысымыз шексіз.

Жанат ГАЛИЕВА
аға оқытушы, магистр

Болашаққа жоспар құрдық

Студенттің әрбір менгерген пәні болашақта өз мандығына бірден-бір үлкен пайдасын тигізеді. Әр дәрістің өзіндік орны бар, сол секілді «Экономика және кәсіпкерлік негіздері» де – біз үшін өте маңызды пән.

Бұл сабақта біз бизнес жоспар құрып, кәсіп ашуды жоспарлап, оны дамытуды үйрендік. Сабақ барысында білім алушылар топқа бөлініп өздерінің жеке бизнес жоспарларын қорғады. Бизнесі бастау, дамыту, оны қолға алу секілді біз білмейтін тұстарды ұстазымыз, доцент Берік Хусайнов түсіндіріп, тапсырмалар берді.

Ең алдымен топқа бөлініп, қандай кәсіп ашу керектігі жайлы іздендік. Сәйкесінше, мамандығымызбен байланысты бизнес-жоспар құрдық. Студенттер алты топқа бөлінді, әрқайсысының өзінің топбасшысы сайланды. Айталық, алғашқы топтың кәсібі – шағын тәлімбақ құрып, онда жеміс-жидек ағаштарын егу. Яғни олар – елімізде сирек кездесетін будандасқан ағаштар болып табылады. Мақсаттары – оны сатылымға шығару. «Жаңа бағыт» тобында – Нұрсат Саясатов (топ басшысы) пен Гүлнаурыз Ерғали (топ мүшесі) болды. «JasKas» тобының (Оразбай Шерімбай және Нұржайна Байжігіт, Аңсар Мендығұлов) кәсібі – жылыжай ашу. Онда қияр, қызанақ өсіріледі және олардың бірнеше түрлерін өсіру жоспарланды. «Green Garden» тобы (Әлия Рамазанова, Райбек Балақаев) бақшаны безендіруге арналған ағаштар мен бұталарды өсіруді қолға алған. «Esowood» тобы (Назира Тиышова және Самат Саттар, Асылжан Жасұлан) ағаш цехын қолға алуды жоспарлады. «Greenland» тобының (Арухан Тулепова мен Манат Сатыбек) алған жоспары – көгалдандыру, ландшафтық ди-



зайн. «Болашақ» тобы (Айгерім Шамбилова мен Нұрболат Басбақбай, Амандық Маратов) орман шаруашылықтары үшін машиналар мен жабдықтарды жөндеу, техникалық қызмет көрсетуді қарастырды.

Әр топтың басшылары жоспарлаған бизнестерінің директоры болса, топтағы студенттер – менеджер, бухгалтер, заңгер сынды кәсіп ашуда маңызды лауазымдарға тағайындалды. Сол қызметтері бойынша ізденіс жасап, дайындаған бизнес жоспарларын дамытты. Әр топтың ерекше бизнес-жоспарлары болды. Кәсіпті дамытуға 30 млн. теңге қарастырылып, сол қаражатты өз істерінде толығымен игере алу, техника мен мамандарға толық қалай жеткізу ке-

ректігінен біраз хабардар болды.

Сабақ тоғыз аптаға жоспарланды. Әр апта сайын жиналыс өткізіліп, есеп тапсырылды. Сондай-ақ жиында тапсырмалар беріліп, олар scum және sprint журналдары арқылы тексерілді. Журналда арнайы бизнес жоспарға 30 сұрақ дайындалып, сол сауалдарды үш арнайы графикке салып, қай күні, қай тапсырма орындау керектігі жоспарланды. Плакатпен де жұмыс жасап, тапсырмаларды бақылап, қандай мәселе бар екенін анықтап отырдық. Плакатты арнайы түрлі-түсті стикерлермен толтырдық, ол стикерлерде тапсырмалар мен мәселелер жазылды. Апта соңында әр топ өз бизнес жоспарларына презентация жасап, бизнес-жоспар құрып, арнайы дресс-кодпен ашық сабақ өткіздік. Онда

әр топ өз кәсіптерінен жасаған эмблемаларымен таныстырып өтті, соның өзі ерекше болды.

Тоғыз апта ішінде шынайы кәсіп ашып кетпесек те, ең бастысы өз мамандығымызбен байланысты бизнес-жоспар құрып үйрендік. Бизнес-тегі қаражатты қалай игеру керек, қандай жұмыстар атқарылуы тиіс, қызмет барысында маман өзін қалай ұстайды және басқа да мәселелерді жан-жақты іздендік. Сабағымыз қызықты өтті, белгіленген уақытымызды өзіміз білмейтін жаңа дүниелерді үйренумен өткіздік.

Гүлнаурыз ЕРҒАЛИ,
ЛР-33-тобының студенті
«Орман шаруашылығы және орман ресурстары» мамандығы